

**<sup>1</sup>Сансызбай Е.С., <sup>1</sup>Сыдыкова А.Н., <sup>1</sup>Шойбакова Е.О.**

<sup>1</sup>Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

(e-mail: [e.s.1512@mail.ru](mailto:e.s.1512@mail.ru))

## **БАНК ӨНІМДЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ НАРЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ**

### **Аннотация**

Банк өнімдері мен қызметтерінің нарығы елдегі қаржылық жағдайын шешуші факторларының бірі болып табылады. Қазіргі таңда елімізде банк жүйесін ырықтандыру мен банктік қызмет нарығының жаңа деңгейі туралы бірқатар міндеттер белгіленіп отыр. Мақалада банк өнімдері мен қызметтер нарығының негіздемесі анықталып, жалпы Қазақстан Республикасындағы маңыздылығы және олардың даму үрдістері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** банк өнімдері, банктік тұрақтылық, несиелік портфель, банктік несие, салымдық пайыздар

**<sup>1</sup>Сансызбай Е.С., <sup>1</sup>Сыдыкова А.Н., <sup>1</sup>Шойбакова Е.О.**

<sup>1</sup>Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

(e-mail: [e.s.1512@mail.ru](mailto:e.s.1512@mail.ru))

## **РЫНОК БАНКОВСКИХ ПРОДУКТОВ И УСЛУГ: ЗНАЧЕНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ ИХ РАЗВИТИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

### **Аннотация**

Рынок банковских продуктов и услуг является одним из решающих факторов финансового состояния страны. В настоящее время в стране установлен ряд задач по либерализации банковской системы и новому уровню рынка банковских услуг. В статье определено обоснование рынка банковских продуктов и услуг, рассмотрена значимость и тенденции их развития в Республике Казахстан в целом.

**Ключевые слова:** банковские продукты, банковская стабильность, кредитный портфель, банковский кредит, проценты по вкладам

**<sup>1</sup>Sansyzbay E.S., <sup>1</sup>Sydykova A.N., <sup>1</sup>Shoibakova E.O.**

<sup>1</sup>Alikhan Bokeikhan University

Kazakhstan, Semey

(e-mail: [e.s.1512@mail.ru](mailto:e.s.1512@mail.ru))

## **THE MARKET OF BANKING PRODUCTS AND SERVICES: THE IMPORTANCE AND TRENDS OF THEIR DEVELOPMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

### **Annotation**

The market of banking products and services is one of the decisive factors of the country's financial condition. Currently, a number of tasks have been set in the country to liberalize the banking system and a new level of the banking services market. The article defines the rationale for the market of banking products and services, examines the importance and trends of their development in the Republic of Kazakhstan as a whole.

**Keywords:** banking products, Bank stability, loan portfolio, bank loan, deposit interest

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасын іске асыру

шеңберінде Президенттің 2020 жылғы 12 маусымдағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы

нарығын дамыту жөніндегі кеңес құрылды, оның шеңберінде Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және жүйелік тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған макропруденциалдық реттеудің стратегиялық тәсілдерін әзірлеу жүзеге асырылуда.

Банктер қызметтер нарығын реттеуде көптеген макроэкономикалық және

микроэкономикалық факторларға жүгінеді. Өйткені банктің қызметтері тікелей халықтың табысы мен әлеуметтік жағдайына негізделіп, белгіленуі - банктің осы нарықтағы дұрыс менеджменті мен маркетингін білдіреді.

Банктік қызмет көрсету секторы бұрынғыша ірі және елдің қаржы секторының басым сегменті болып қалуда.

Кесте 1. Банк секторының жиынтық активтерінің құрылымы 2022-2023ж

Көрсеткіштің атауы /күні	01.01.2022		01.01.2023		Өсімі, (%)
	млрд. теңге	жиынтығы на (%)	млрд. теңге	жиынтығына (%)	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	820,2	6,9	1 037,0	8,97	2,07
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	576,8	4,8	1 072,1	9,28	4.48
Бағалы қағаздар	888,2	7,5	1 779,7	15,40	7.9
Банктік займдар және «кері РЕПО» операциялары	9 244,5	77,8	9 638,9	83,40	5.6
Капиталға инвестициялар	319,5	2,7	290,6	2,51	-0.19
Резервтер (провизиялар)	-1 031,9		-4 000,3		
Өзге активтер	1 072,2	9	1 739,4	15,05	6.05
Активтердің барлығы	11 889,6		11 557,3		4,2

Банктік займдар және «кері РЕПО» операциялары 9638.9 млрд. теңгеге немесе 5,6%-ға көбейді. 2023 жылғы қаңтар айында ЕДБ-ның активтері 89,1 млрд. теңгеге немесе 0,8%-ға азайды, банктік займдар және «кері РЕПО» операциялары 91,8 млрд. теңгеге немесе 1,0%-ға, резервтер (провизиялар) 43,8 млрд. теңгеге немесе 1,4%-ға азайды.

Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі жылдың басынан бастап 572,8 млрд. теңгеге немесе 5,9%-ға азайды.

Стандартты займдар 59,4 млрд. теңгеге (-2,4%) азайды, күмәнділері –

620,3 млрд. теңгеге (14,6%) көбейді, үмітсіздері – 1 133,7 млрд. теңгеге (-38,5%) азайды. Екінші деңгейдегі банктерге берілген займдар бойынша провизиялар 829,1млрд. теңгеге (-22,8) азайды.

Банк жүйесінің барлық компоненттері жалпы әлемдік экономикадағы құрылымдық қайта құруда жүріп жатқан өзгерістерге байланысты жаңғыртылуда. Ғылыми-техникалық революцияның дамуы себепші болған өндірістің шоғырлануы капиталдың шоғырлануымен орталықтандыруын талап етіп, соған сәйкес банктер өз

операцияларын несиелік ресурстарды ірілендіру жағына қарай түрлендіре бастады, яғни қазіргі банк жүйесінің экономика дамуының өзгермелі жағдайларына бейімделу қатар жүреді; банк жүйесінің құрылымдылық қайта құрылуы көз алдымызда, белгілі бір мамандандырудың сақталуымен қатар, банк қызметінің шоғырлануы мен әмбебаптануы орын алады, банктік емес несиелік мекемелердің динамизмі байқалады.

Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелері 2023 жылдың басынан бастап 1 821,5 млрд. теңгеге немесе 14,5%-ға азайды.

Міндеттемелер құрылымында заңды тұлғалардың салымдары – 507,9 млрд. теңгеге немесе 12,5%-ға, жеке тұлғалардың салымдары – 313,6 млрд. теңгеге немесе 16,2%-ға көбейді. Арнайы мақсаттағы еншілес

ұйымдардың салымдары – 1 770,2 млрд. теңгеге немесе 98,6%-ға, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған займдар 699,0 млрд. теңгеге немесе 56,0%-ға азайды. Шетел валютасындағы салымдар ағымдағы жылдың басынан бастап 322,4млрд. теңгеге немесе 11,3%-ға азайды. Банк секторының жиынтық міндеттемелері ағымдағы жылдың желтоқсан айында 1,1 млрд. теңгеге азайды. Заңды тұлғалардың салымдары өткен айда 30,3 млрд. теңгеге немесе 0,7%-ға, жеке тұлғалардың салымдары – 53,5 млрд. теңгеге немесе 2,4%-ға өсті.

Халықтың (резидент емес тұлғаларды есептегенде) банктердегі салымдар 2021 жылдың қаңтарында 2,0% жоғарылап, 2179,2 млрд теңгені құрады.

Кесте 2. Халықтың банктердегі салымдары, млн теңге 2021-2023ж

Көрсеткіштер	01.01.2021	01.01.2022	01.01.2023
Халықтың салымдары, барлығы	1470579	2345970	2252490
теңгеде	841018	1249621	1252246
ЕАВ-да	626741	1092473	996318
БВТ-де	2820	3876	3926
Талап ету салымдары, барлығы	295799	296715	274644
теңгеде	183728	249255	226625
ЕАВ-да	111701	46649	47272
БВТ-де	370	811	747
Шартты салымдар, барлығы	3184	5093	5248
теңгеде	2159	4117	4141
ЕАВ-да	1025	976	1107
БВТ-де	-	-	-
Мерзімдік салымдар, барлығы	1110263	1997496	2040938
теңгеде	655132	996248	1021480
ЕАВ-да	71967	182508	193425
БВТ-де	383164	818740	826033

Резиденттердің банктік жүйедегі депозиттерінің жалпы көлемі 2023 жылдың ішінде 3,3% көтеріліп, 2252,4 млрд теңгеге жетті. Жылдың басынан

бері өсім 15,1% құрады.

2023 жылдың қаңтарында шетелдік валютадағы депозиттердің көлемі 3,6%, яғни 2724,2 млрд. теңгеге

дейін көтерілді, жылдың басынан бері 5,2% өсті. Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 3,1%, 4839,8 млрд. теңгеге дейін көтерілді, жылдың басынан бері өсім 30,8% құрады. Нәтижесінде теңгелік депозиттердің үлес салмағы 2023 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда 2023 жылдың қазан айында айтарлықтай өзгерген жоқ – 64,1% көрсеткішінен 64,0% дейін төмендеді.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша төлем карточкаларын шығаруды іс жүзінде 21 банк және «Қазпочта» АҚ жүзеге асырады. Аталған ұйымдар халықаралық жүйелердің төлем карточкаларын шығарады және таратады (олардың үлесі - 96.7%): VISA International, MasterCard Worldwide, American Express International және China Union Pay. Бұдан басқа Қазақстан банктері жергілікті жүйелердің төлем карточкаларын шығарады: Altyn Card – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ; SmartAlemCard – «БТА Банк» АҚ және Ситибанк Қазақстан жергілікті карточкасы - «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Ғаламдық ауқымдағы сияқты Қазақстанның банк жүйесіндегі жоғарыда көрсетілген құрылымдық проблемалардың негізгі себептерінің бірі түпкілікті нәтижесінде шамадан тыс, оның ішінде дағдарыс құбылыстарына сезімтал салаларда несиелік тәуекелдің артық шоғырлануы, активтер мен пассивтерді тиімсіз басқару салдарынан өтімділіктің жоғарытәуекелі және т.с.с. түріндегі тәуекелдердің жинақталуына себепші болған, бірінші кезекте тәуекел-менеджмент жүйесінің жеткіліксіз

даму деңгейімен және қаржы ұйымдарындағы корпоративтік басқарудың барынша төмен деңгеймен туындағантәуекелдерді толық бағаламау болғанын атап көрсеткен жөн. Осы тәуекелдердің дағдарыс кезеңінде материалдануы банк жүйесіндегі күрделі проблемаларға алып келді, олар осы күнге дейін байқалып отыр. Осыған байланысты тәуекелдерді басқару жүйелері мен қаржы ұйымдарында корпоративтік басқару практикасын дамыту және жетілдіру мәселелері басым болып қалуда.

Несие портфелі банк табысының және активтерді орналастыру кезіндегі тәуекелдің басты көзі қызметін атқарады. Банк қоржынының құрылымы мен сапасының жақсы болуы, банктің орнықтылығы, оның репутациясы мен қаржылық сәттілігіне әсерін тигізеді. Сондықтан, банктердің барлығында қоржында бар қарыздардың сапасына бақылау, қабылданған стандарттар мен банктің несие саясатының мақсатынан ауытқу жағдайларын анықтау және тәуелсіз экспертиза жүргізіледі. Несие қызметкерлері мен жоғарғы қызметкерлер нақты салалар мен жеке қарыз алушылардағы капиталдың шамадан тыс шоғырлануын анықтау мақсатында несие портфелінің құрамын, сонымен қатар банк жағынан араласуды қажет ететін проблемалық қарыздарды талдайды.

Несие портфелін қалыптастыру кезінде, банк барлық инвесторларға қатысты жалпы қағидатты ұстануға тиіс. Ол жоғарғы табысты және аса тәуекелді салымдарды несиелеудің төмен тәуекелді бағыттарымен байланыстыру.

Несие тәуекелі - бұл қарыз алушының негізгі қарыз бен пайызды төлемеу тәуекелі немесе несие мәмілесі контрагентінің өзіне қатысты алынған міндеттемелер бойынша әрекет ете алмауы.

Несие нарықтық экономиканың тірегі ретінде экономикалық дамудың ажырамас элементін білдіреді. Оны барлық шаруашылық субъектілермен қатар мемлекет те, үкімет те, жеке азаматтар да пайдаланады. Несиенің пайда болуын өнімдерді өндіру сферасынан емес олардың айырбас сферасынан іздеу қажет. Тауар айырбастау бір тауардың бір қолдан екінші қолға өтуін білдіреді. Осындай айырбас кезінде несиеге байланысты қатынас туындайды. Несиелік қатынастардың пайда болатын экономикалық негізіне капитал айналымын жатқызуға болады. Көбіне несие ақша ретінде түсінеді. Бір жағынан бұған негіз де бар сияқты. Себебі қазіргі шаруашылықта қарыз көбіне ақшалай түрде берілуде, бірақ бұл жерде ақша мен несие әр түрлі ұғымды білдіріп, әр түрлі қатынастарды түсіндіретінін естен шығаруға болмайды.


Несие - бұл пайыз төлеп қайтару шартында, уақытша пайдаланылған қарызға берілетін ссудалық капитал қозғалысын білдіреді. Несие ақшалай капиталдың ссудалық капиталға өтуін қамтамасыз ете отырып, несие берушілер мен қарыз алушылар арасында несие қатынас бейнеленеді. Несиенің көмегімен заңды және жеке тұлғалардың уақытша бос қаражаттары, табыстары, экономикалық жүйе төңірегінде жинақтала отырып, уақытша және ақылы негізде пайдалануға берілетін ссудалық капиталға айналады[36].

Несие экономикалық категория ретінде формаларға ие. Форма әр уақытта қандай да бір объектілерге тән тұрақты қажетті байланыстардың жиынтығын білдіреді. Несиеге қатысты оның бұл формасы несие қатынастар құрылымының, олардың әр түрлі сыртқы және ішкі өзгерістер кезінде сақталатын негізгі қасиеттердің көрінісі.

Банктік несие – бұл банктердің арнайы несие қаржылық мекемелерінің қарыз алушыларға ақшалай қарыз түрінде беретін несие. Банктік несие коммерциялық несие шектеулерін жояды. Бос ақшалай капиталдар кез келген өндіріс саласына беріледі және банктік несие арқылы кез келген бағытта қозғалады. Банктік несие сферасы коммерциялық несие сферасына қарағанда несие қолдану өрісі кең. Банктік несие қоғамның барлық тараптарының ақшалай табыстарынан және жинақтарын капиталға айналдыра отырып, капиталдың қорлануына қызмет етеді. Банктік несие әмбебап болып келеді.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жайкүйі бойынша «Сбербанк» АҚ ЕБ 2020 жыл ішінде несие портфелі 10%-ға өсіп, жыл аяғында 801,1 млрд теңгені құрады. Портфельдің құрылымы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Өткен жыл жалпы банк жүйесі үшін айтарлықтай күрделі болды, бұл өз алдына несие сапасының нашарлауына ықпал етті. Дегенмен, Банктің несие портфелінің сапа көрсеткіштері әлдеқайда жақсы, бұған қалыпты консервативтік несие саясаты және несие портфелінің жақсы әртараптандырылуы септігін тигізді (6-сурет).


млрд теңге



Сурет 1. 2021-2023 жылдар аралығында коммерциялық банктердің несиелік портфелі (млрд тг)

Экономиканың әр түрлі секторларын несиелеу кезінде Банк әртараптандыру саясатын қолданады, оның негізгі мақсаты – салалық тәуекелдіктің банк қызметіне теріс әсер етуін шектеу. Экономика салаларын несиелеуде несиелік портфеліндегі ең қомақты меншікті

салмақ саудаға, құрылысқа, тамақ өнеркәсібіне, өндіріске және ауыл шаруашылығына тиесілі болып келеді: олардың үлесі несиелік портфель жиынтығының 50%-ын құрайды. Несиелік портфельдің салалық құрылымындағы жеке тұлғалар 34% құрайды (7-сурет).




Сурет 2. Банктердің 2020 жылдардағы экономика секторын қаржыландыруы

Банк «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры және

жергілікті атқарушы органдар арқылы іске асырылатын шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі

мемлекеттік бағдарламаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін несиелер бойынша сыйақы (мүдде) мөлшерлемесін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасына белсенді түрде қатысады. Банк мемлекеттік

азық-түлік корпорациясымен бірге отандық ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерді қаржыландыруға байланысты жобаларды жүзеге асыруды жалғастырып отыр. Банк өз бағдарламасының аясында және Қазақстандық ипотекалық компанияның бағдарламасы бойынша халыққа ипотекалық несие беру жұмыстарын жүргізуде.



Сурет 3. 2021-2023 жылдардағы заңды тұлғалардың салымдарының өсу қарқыны (млн.теңге)

Ірі корпоративтік клиенттер де банктің несиелік портфелінен басым үлес алады – шамамен 18%. Бұл кезде экономиканың құрылыс секторында табиғи түрде қаржыландыру көлемі төмендесе, экономиканың өндіріс, қызмет көрсету және сауда сияқты салаларында банк заманауи экономикалық ақиқатты ескере отырып, белсенділігін сақтайды.

Қазіргі кезде карточка өнімдері таңғаларлық жылдамдықпен дамуда. Өнімдердің қызметін толықтыру тұрғысынан да, оларды қолдайтын, сүйемелдейтін ақпараттық технологиялар тұрғысынан да Коопмін банктің қазіргі заманғы жоғары сапалы технологиялары енгізіліп, жаңартылуда.

Жоғарыда айтылып кеткендей банкті басқаруда стратегия маңызды рөл ойнайды. Басқару үрдісінің жоспарлау кезеңінде даму стратегиясы

өңделеді және ол өтімді, несиелік, депозиттік, инвестициялық саясаттарды қамтиды. Сонымен қатар, перспективалар анықталып, қызметті жүзеге асырудың қағидаттары мен басымдылықтары ерекшеленді және жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері көрсетіледі. Соған байланысты, несиелендіру секторының стратегиялық мақсаттарын қарастыруға көшейік.

Сонымен, екінші деңгейдегі банктер қызметіне жасалған талдаудың соңында, енді алдағы уақытта дәл осы банктердің алған бағытынан таймауы үшін жүргізілетін шараларға тоқтала кетсек. Сондықтан, бірінші кезекте банктердің стратегиясын қарастырған жөн.

Қаржы секторындағы өтімділіктің артуы және жоғары класс пен орта класс өкілдері әл-ауқатының өсуі бізде активтерді басқару қызметіне сұраныс туғызады (asset

management және private banking). Бұл ретте серпіліс жасап, неғұрлым алға дамуға, еншілес зейнетақы қорының жетекшілік рөлін барынша пайдалануға ұмтылған жөн болады. Аталған компанияның табысты қызмет істеуін қамтамасыз ету үшін активтерді басқаруға дағдылану, машықтану қажет.

Қазіргі күні Қазақстандық банктік қызмет нарығы үлкен өзгерістерді басынан өткізуді және соңғы жылдары динамикалық дамушы банктік қызмет нарығына сипатты болды. Бір жағынан жүргізуші Қазақстандық банктер халықаралық төлем жүйелерімен белсенді жұмыс істейді, басқаша жағынан олар өздерінің электрондық жүйелерін кұрай отырып, бәсекелестік күреске өздері қосылды.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Борантаева Ж. Қаржы рыногы аймағындағы жағдай// Қазақстан Заман.-2019.-16 шілде.-5б.
2. Давыдова Л. Қазақстан Республикасының банк құқығы// Оқу құралы.-Алматы.-Жеті-жарғы.-2014.-640б.
3. <https://stat.gov.kz/> сайтының мәліметтері

#### **References**

1. Borantaeva zh.the situation in the financial market// Kazakhstan Zaman.-2019. -16 July.-5B.
2. Davydova L. banking law of the Republic of Kazakhstan// textbook.- Almaty.- Seven-charter.-2014. -640p.
3. [https://stat.gov.kz / website details](https://stat.gov.kz/)

#### **Автор туралы мәлімет/Сведение об авторе/Information about the author**

##### **Сансызбай Еркежан Сансызбайқызы**

**Лауазымы:** экономика ғылымдарының магистрі, бизнес және басқару кафедрасының аға оқытушысы, AlikhanBokeikhan University

**Пошталық мекен-жайы:** 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Аягөз көшесі, 147

**E-mail:** [e.s.1512@mail.ru](mailto:e.s.1512@mail.ru)

##### **Сыдыкова Айгуль Нургазыновна**

**Лауазымы:** экономика ғылымдарының магистрі, бизнес және басқару кафедрасының аға оқытушысы, AlikhanBokeikhan University

**Пошталық мекен-жайы:** 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Шығыс кенті, 481

**E-mail:** [nurgazynovnaa@mail.ru](mailto:nurgazynovnaa@mail.ru)

##### **Шойбакова Еркежан Оразбаевна**

**Лауазымы:** экономика ғылымдарының магистрі, бизнес және басқару кафедрасының аға оқытушысы, AlikhanBokeikhan University

**Пошталық мекен-жайы:** 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, квартал «В» ,10

**E-mail:** [erkejan66@mail.ru](mailto:erkejan66@mail.ru)

##### **Сансызбай Еркежан Сансызбайқызы**

**Должность:** магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры бизнес и управление, AlikhanBokeikhan University

**Почтовый адрес:** 071400-071417, Республика Казахстан, г.Семей, ул. Аягузская, 147

**E-mail:** [e.s.1512@mail.ru](mailto:e.s.1512@mail.ru)

##### **Сыдыкова Айгуль Нургазыновна**

**Должность:** магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры бизнес и



## **"ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY" ХАБАРИШЫСЫ, № 4 (63), 2024**

управление, AlikhanBokeikhan University

**Почтовый адрес:** 071400-071417, Республика Казахстан, г.Семей, Восточный,481

**E-mail:** [nurgazynovnaa@mail.ru](mailto:nurgazynovnaa@mail.ru)

**Шойбакова Еркежан Оразбаевна**

**Должность:** магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры бизнес и управление, AlikhanBokeikhan University

**Почтовый адрес:** 071400-071417, Республика Казахстан, г.Семей, квартал «В» дом 10

**E-mail:** [erkejan66@mail.ru](mailto:erkejan66@mail.ru)

**Sansyzbay Erkezhan Sansyzbaykyzy**

**Position:** Master of Economics, Senior Lecturer at the Department of Business and Management, Alikhan Bokeikhan University

**Mailing address:** 071400-071417, Republic of Kazakhstan, Ayaguzskaya Street, 147

**E-mail:** [e.s.1512@mail.ru](mailto:e.s.1512@mail.ru)

**Sydykova Aigul Nurgazynobna**

**Position:** Master of Economics, Senior Lecturer at the Department of Business and Management, Alikhan Bokeikhan University

**Mailing address:** 071400-071417, Republic of Kazakhstan, Vostochnyi Street, 481

**E-mail:** [nurgazynovnaa@mail.ru](mailto:nurgazynovnaa@mail.ru)

**Shoibakova Erkezhan Orazbaevna**

**Position:** Master of Economics, Senior Lecturer at the Department of Business and Management, Alikhan Bokeikhan University

**Mailing address:** 071400-071417, Republic of Kazakhstan, cvartal «V»,10

**E-mail:** [erkejan66@mail.ru](mailto:erkejan66@mail.ru)